



Жалпы мемлекеттік және ведомстволық статистикалық бақылаулардың Бағдарламаларын әзірлеу және бекіту тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігі төрағасының 2002 жылғы 4 шілдедегі N 71 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 25 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1928. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 100 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010.04.29 № 100 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 қарашадағы N 1180 қаулысымен бекітілген 1999-2005 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында мемлекеттік статистиканы жетілдіру бағдарламасына сәйкес және мемлекеттік статистиканың нормативтік құқықтық базасын одан әрі дамыту мақсатында бұйырамын:

1. Осыған қосылған Жалпы мемлекеттік және ведомстволық статистикалық бақылаулардың бағдарламаларын әзірлеу және бекіту тәртібі бекітілсін және ол Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген, орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тіркеліміне енгізілген кезден бастап іске қосылсын.

2. Осы Тәртіптің сақталуын бақылау Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің Үйлестіру және статистикалық құрал-сайман департаментіне жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы
Статистика жөніндегі
агенттігі төрағасының
2002 жылғы 4 шілдедегі
N 71 бұйрығымен бекітілген

**Жалпы мемлекеттік және ведомстволық статистикалық
бақылаулардың бағдарламаларын әзірлеу және бекіту
ТӘРТІБІ**

Ескерту: Бүкіл мәтін бойынша "Статистикалық жұмыстардың жоспары", "Статистикалық жұмыстардың жоспарында", "Статистикалық жұмыстардың жоспарына" деген сөздер тиісінше "статистикалық жұмыстардың жоспары", "статистикалық жұмыстардың жоспарында", "статистикалық жұмыстардың жоспарына" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің 2005 жылғы 4 мамырдағы N 76 бұйрығымен .

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының статистика саласындағы мемлекеттік саясаты бірыңғай статистикалық ақпарат жүйесін ғылыми методология мен халықаралық стандарттар негізінде жасауға, қызмет ету мен жетілдіруге бағытталған және методологиялық біртұтастық пен орталықтандыру, яғни уәкілетті органның мемлекеттік органдардың статистикалық қызметін үйлестіруі принциптерінде қ ұ р ы л а д ы .

Бірыңғай саясат пен методологиялық тұтастықты жүзеге асыру мақсатында уәкілетті орган жалпы мемлекеттік және ведомстволық бақылаулар жүргізу үшін статистикалық бақылаулардың бағдарламаларына қойылатын талаптарды а н ы қ т а п , о л а р д ы б е к і т е д і .

Мемлекеттік статистикалық бақылауларға мемлекеттік статистикалық есеп пен арнайы ұйымдастырылған статистикалық бақылаулар сияқты бақылаулар т и п т е р і е н е д і .

Ғылымның және қоғамдық ұйымдардың мүдделі өкілдері алдын ала талқылағаннан кейін статистикалық жұмыстар жоспарын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің 2005 жылғы 4 мамырдағы N 76 бұйрығымен .

2. Мемлекеттік статистикалық бақылаулардың бағдарламалары республика мен оның аймақтарының әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және экологиялық салалары дамуының негізгі көрсеткіштерін анықтау мақсатында ә з і р л е н е д і .

Уәкілетті орган мемлекеттік органдардың статистикалық қызметін үйлестіреді және мемлекеттік статистикалық бақылаулар жүйесінде жетекші рөл атқарады. Мемлекеттік органдар статистикалық бақылауларды уәкілетті органнан гөрі ақиқаттау статистикалық бақылауларды қамтамасыз еткен жағдайларда жүргізеді.

3. Статистикалық нысандарда сапалы статистикалық бақылау жасауға қажетті реквизиттердің ең аз саны болуға тиіс. Көрсеткіштерді қайталауға және респонденттерге негізсіз жүктеме салуға жол берілмейді.

4. Осы Тәртіп Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік статистика туралы" Заңына және оның негізінде қабылданған өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленген.

Тәртіп жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық бақылаулар жүргізу жөнінде статистикалық нысандар мен нұсқаулар түрінде табыс етілген статистикалық бақылаулардың бағдарламаларын әзірлеу және бекіту тәртібін реттейді және ол статистикалық қызметті жүзеге асыратын барлық мемлекеттік органдарға таратылады.

2. Осы Тәртіпте пайдаланылған негізгі ұғымдар

5. Статистикалық бақылау бағдарламасы - бақылау жүргізудің мақсаты мен міндеттері, оларға сүйеніп деректер жиналатын есептеу әдісі, көрсеткіштер (сұрақтар) тізбесі, ол нысан, сауалнама, сауалдама, санақ қағазы, есепке алу бланкі, т.б. (бұдан әрі - статистикалық нысандар) және статистикалық бақылау жүргізу жөніндегі нұсқаулар түрінде табыс етіледі.

Мемлекеттік статистикалық бақылаулар уәкілетті орган статистикалық жұмыстардың жоспарына сәйкес ұйымдастыратын жалпы мемлекеттік статистикалық бақылаулардан және статистикалық қызметпен шұғылданатын басқа да мемлекеттік органдар жүргізетін ведомстволық статистикалық бақылаулардан тұрады.

Мемлекеттік статистика органдары - уәкілетті орган және статистикалық қызмет жүргізетін мемлекеттік органдар.

6. Статистикалық нысан - статистикалық бақылау түріне орай белгілі схема бойынша құжаттар жатқан жұмыс столына жайғасқан реквизиттердің белгіленген жиынтығы. Статистикалық нысан үш негізгі бөліктен (титулдық, мазмұндық және ресімдеу) тұрады және нысан, сауалнама, сауалдама, санақ парағы, есепке алу бланкі түрінде ресімделеді.

7. Мемлекеттік статистикалық есеп - жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық бақылаулар, оларды заңды және жеке тұлғалар, олардың құрылымдық бөлікшелері мемлекеттік статистика органдарына мәліметтер беруге және олардың анықтығына жауапты адамдардың қолы қойылған есептерді Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп бойынша табыс етіп отырады.

Мемлекеттік статистикалық есепті табыс етпегендер заңдарға сәйкес әкімшілік жауапқа тартылады.

Өткізілу уақыты бойынша мемлекеттік статистикалық есеп немесе белгілі бір нақты уақытта берілетін кезеңдік болып және қажетіне қарай нақты кезеңсіз жиналатын бірізгілік болып екіге бөлінеді. Кезеңдік есеп ағымдағы (оның

есептік кезеңі бір жылдан аз: жарты жыл, тоқсан, ай, апта, т.с.с.) және жылдық болады. Жылдық есеп күнтізбелік жылдың басталуына немесе аяқталуына байланыссыз жылына бір рет, сондай-ақ жылдан астам кезеңде (бес жылда екі рет, екі жылда бір рет, тағы сол сияқты) табыс етіледі.

8. Жалпы мемлекеттік статистикалық бақылаулар - уәкілетті орган жүргізетін бақылаулар.

9. Ведомстволық статистикалық бақылаулар - Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүргізетін бақылаулар.

10. Уәкілетті орган - мемлекеттік статистикаға басшылық жасайтын орталық атқарушы орган, оның уәкілеттілігін Қазақстан Республикасының заңдары белгілейді. Уәкілетті орган статистика саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеп , жү з е г е а с ы р а д ы .

Уәкілетті органның статистиканы ұйымдастыру жөніндегі нормативтік құқықтық актілерінің, орындалуы мемлекеттік статистикалық байқауларда қамтылған барлық жеке тұлғалар, сондай-ақ заңды тұлғалар үшін міндетті.

Ескерту: 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің 2005 жылғы 4 мамырдағы N 76 бұйрығымен .

11. Статистикалық қызметпен шұғылданатын мемлекеттік органдар - ведомстволық статистикалық бақылаулар жүргізетін мемлекеттік органдар. Олар статистикалық нысандар мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулар түрінде жүргізілетін статистикалық бақылаулардың бағдарламаларын уәкілетті органға келісуге және бекітуге табыс етеді.

12. Есептік бірлік - бастапқы статистикалық есеп берілетін бірлік.

Есептік бірліктердің біразын белгілеу үшін статистикалық нысанның титулдық бөлігінде респонденттер үшін неғұрлым түсінікті терминдер пайдаланылады және статистикалық бақылау субъектілерінің жиынтығын дәл бейнелейді.

3. Статистикалық бақылаулардың бағдарламаларын әзірлеу тәртібі

13. Статистикалық бақылаулардың бағдарламаларын әзірлеуге мыналар ж а т а д ы :

- 1) статистикалық бақылаулардың мақсаттары мен міндеттерін анықтау;
- 2) деректер жинауға арналған көрсеткіштердің (мәселелердің) тізбесін жасау;
- 3) көрсеткіштердің есептеу әдісін суреттеу.

Осы тәртіптің 5-тармағына сәйкес статистикалық нысан және статистикалық бақылау жүргізу жөніндегі нұсқаулық түрінде табыс етілген статистикалық

бақылау бағдарламасы мүдделі мемлекеттік органдармен келісіледі. Құжаттардың келісілген жинақталымы уәкілетті органға бекітуге табыс етіледі.

Статистикалық бақылаулар бағдарламасын әзірлеу негіздері:

- 1) Мемлекеттік статистиканы жетілдіру бағдарламасы;
- 2) Қазақстан Республикасының статистикалық нысандардың мазмұнын өзгертуді көздейтін нормативтік құқықтық актілері;
- 3) статистикалық жұмыстардың жоспары;
- 4) а л ы н ы п т а с т а л д ы
- 5) статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік орган атауының немесе қызметінің өзгеруі;
- 6) статистикалық нысанның титулдық, мазмұндық, ресімдейтін бөліктеріне өзгерістер енгізу қажеттігі.

Ескерту: 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің 2007.05.08. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

1 4 . а л ы н ы п т а с т а л д ы

Ескерту: 14-тармақ алынып тасталды - ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің 2005 жылғы 4 мамырдағы N 76 бұйрығымен .

15. Ведомстволық статистикалық бақылаулардың бағдарламалары осы Тәртіпке, Статистикалық қызмет жүргізетін мемлекеттік орган туралы қолданыстағы ережеге және оның ведомстволық нормативтік актілеріне сәйкес ә з і р л е н е д і .

Мүдделі мемлекеттік органдармен келісуге статистикалық нысанның макеті мен статистикалық бақылау жүргізу жөніндегі нұсқаулықтың жобасы табыс етіледі.

16. Статистикалық нысанда құжатты жасаудағы статистикалық бақылаудың мақсаты мен міндетін анықтайтын белгілі бір тұтас құрылымы болуға тиіс. Статистикалық нысанда заттай немесе құндық мәнді көрсеткіштер болады, олар бастапқы және бухгалтерлік есептің деректеріне негізделеді.

Статистикалық нысандарға қойылатын маңызды талап - оларды ресімдеудің бірыңғай стандартын сақтау .

Статистикалық нысанның ресімдеу стандарты - нысанның жұмыстық бөлігінде орналасқан реквизиттердің оптималдық жиынтығын статистикалық бақылау түріне орай белгілі бір схема бойынша белгілеуге бағытталған және уәкілетті орган белгілейтін нормативтік талаптар.

Статистикалық нысанның титулдық парағында статистикалық бақылаудың түрпаты, нысанның нөмірі мен кезеңділігі, оны бекіту туралы бұйрықтың нөмірі мен күні, айы, жылы, есептілік бірліктің бизнес-сәйкестендіру нөмірі және нысан коды толтыруға арналған орны, статистикалық бақылаудың (есептің) атауы,

табыс етудің кезеңділігі, есеп беретін есептік бірліктер мен есепті табыс ету мекен-жайы мен мерзімі көрсетіледі.

Бастапқы статистикалық ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету мақсатында есептік бірліктің атауы мен мекен-жайы нысанның үзілмелі бөлігінде көрсетіледі, ол бизнес-сәйкестендіру нөмірін қабылдап, толтырылып тексерілгеннен кейін алып тасталады.

Статистикалық нысандар мен статистикалық бақылау жүргізу жөніндегі нұсқаулықтарда көрсетілген көрсеткіштер құрамы мен есептеу методологиясы, сондай-ақ нысанның титулдық парағындағы атрибуттары барлық есептік бірліктер үшін міндетті болып табылады және статистикалық бақылаулардың бағдарламаларын бекіту жолымен өзгерілуі мүмкін.

Ескерту: 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің 2007.05.08. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

4. Статистикалық бақылаулардың бағдарламаларын бекіту және енгізу тәртібі

17. Жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық бақылаулардың бағдарламалары және статистикалық бақылау жүргізу жөніндегі статистикалық нысандар түріндегі нұсқаулықтар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен бекітіледі және Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік статистика туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Уәкілетті орган туралы ережеге сәйкес атқаратын негізгі қызметтерінің бірі болып табылады.

18. Статистикалық бақылаулар бағдарламаларын бекіткен нормативтік құқықтық актілерде Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік статистика туралы" Заңында, соған сәйкес қабылданған заңға тәуелді актілер мен Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін статистикалық жұмыстардың жоспарында бейнеленгеннен басқа ешбір жаңа құқықтық нормалар болмайды және олар статистикалық техникалық нормалары, тәртіптері мен стандарттары бар нормативтік актілерге жатады.

Бағдарламаларды бекіту жөніндегі нормативтік құқықтық актілер статистикалық нысандар мен статистикалық бақылау жүргізу жөніндегі нұсқауларды бекіту туралы бұйрықтар түрінде ресімделеді.

19. Жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық бақылаулардың бағдарламалары мынадай талаптар сақталған кезде уәкілетті органда тіркелуге т и і с :

1) статистикалық нысандар мен статистикалық бақылау жүргізу жөніндегі

нұсқаулықтар осы Тәртіптің 16-тармағына сәйкес әзірленген. Нысандардың титулдық парақтарының үлгі макеттері мен статистикалық нысан таблицасының үлгісі 1-7 қосымшаларда келтірілген;

2) көрсеткіштер мен олардың кодтары қолданыстағы мемлекеттік және ведомстволық жіктеуіштерге сәйкес келеді;

3) статистикалық нысандар мен статистикалық бақылау жүргізу жөніндегі нұсқаулықтар мемлекеттік және орыс тілдерінде үш дана болып жасалған.

20. Статистикалық нысандарды бекіту мерзімдеріне мынадай шектеулер қ о й ы л а д ы :

1) келесі есепті жылға ағымдағы тәртіппен енгізілетін мемлекеттік статистикалық есептің нысандары есепті жыл басталардан 7 ай бұрын;

2) ағымдағы тәртіппен енгізілетін арнайы ұйымдастырылған статистикалық ба қ ы л а у л а р д ы ң н ы с а н д а р ы :

жылдық мерзіммен - статистикалық бақылау жүргізілетін кезден 6 айдан к е ш і к т і р м е й ;

айлық және тоқсандық мерзімдермен, сондай-ақ бірмезгілдік есепке алулар сауалдамалары - статистикалық бақылаулар жүргізілетін кезге дейін 3 айдан кешіктірмей.

2 1 . а л ы н ы п т а с т а л д ы

Ескерту: 21-тармақ алынып тасталды - ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің 2007.05.08. N V070125_ (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

22. Уәкілетті орган бекітпеген статистикалық нысандар мен статистикалық бақылау жүргізу жөніндегі нұсқаулықтар пәрменсіз деп саналады.

23. Барлық бекітілген статистикалық нысандардың толық тізбесін уәкілетті орган жыл сайын қалыптастырады және таратады. Тізбе тапсырыс берушілердің электрондық тасымалдаушыларында электрондық түрде тегін таратылады.

Жалпымемлекеттік және ведомстволық
бақылаулардың бағдарламаларын
әзірлеу және бекіту тәртібіне

N 1 қосымша

Ескерту: 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің 2007.05.08. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

Ақпарат алушы құпиялығын
сақтауға кепілдік береді _____

Кім табыс етеді

(атауы мен мекен-жайы)

Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистикасы

Жалпы мемлекеттік статистикалық есеп

(Ведомстволық статистикалық есеп)

Ақпарат Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік статистика туралы" Заңына сәйкес табыс етіледі

респонденттің тұрған жеріндегі

облыстық, қалалық, аудандық статистика органы

Н ы с а н

(н ы с а н н ы ң и н д е к с і ж әне
 о н ы ң к е з е ң д і л і г і)

Нысан коды

(бекіту кезінде уәкілетті орган береді)

БСН

коды

(уәкілетті органның)

200__ жылғы -----

N ____ бұйрығымен бекітілген

Т а б ы с е т е д і

(есеп беретін бірліктер,
ауқымы, табыс ету күні, айы,
жылы немесе мерзімі

көрсетіледі)

Есептің толық атауы

(есепті кезең)

----- 200__ ж.

Жалпы мемлекеттік және ведомстволық
бақылаулардың бағдарламаларын
әзірлеу және бекіту тәртібіне

N 2 қосымша

Ескерту: 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің 2007.05.08. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

Ақпарат алушы құпиялығын

Кім табыс етеді

сақтауға кепілдік береді

(атауы мен мекен-жайы)

(мекен-жай бөлігін қию сызығы)

Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистикасы
Жалпымемлекеттік статистикалық есеп

(Ведомстволық статистикалық есеп)

Ақпарат Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік статистика туралы" Заңына сәйкес табыс етіледі

Н ы с а н

(н ы с а н н ы ң и н д е к с і ж әне

оның кезеңділігі)

Нысан коды

(бекіту кезінде уәкілетті орган береді)

БСН

(уәкілетті органның)

200__ жылғы -----

N__ бұйрығымен бекітілген

Т а б ы с е т е д і

(есеп беретін бірліктер,

а у қ ы м ы , та б ы с е т у кү н і ,

а й ы , ж ы л ы н е м е с е

мерзімі көрсетіледі)

Есептің толық атауы

----- 200__ ж.

(есепті кезең)

Жалпымемлекеттік және ведомстволық
бақылаулардың бағдарламаларын
әзірлеу және бекіту тәртібіне

N 3 қосымша

Ақпарат алушы құпиялығын
сақтауға кепілдік береді

Кім табыс етеді

(атауы мен мекен-жайы)

(мекен-жай бөлігін қию сызығы)

Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистикасы
Жалпымемлекеттік статистикалық есеп

(Ведомстволық статистикалық есеп)

Ақпарат Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік статистика туралы" Заңына сәйкес табыс етіледі

респонденттің тұрған жеріндегі

облыстық, қалалық, аудандық статистика органы

Сауалдама _____

(сауалдаманың индексі және
оның кезеңділігі)

(уәкілетті органның)

200__ жылғы _____

N ____ бұйрығымен бекітілген

Сауалдаманың толық атауы

Қызметтес болғаныңыз үшін алғыс айтамыз!

Жалпымемлекеттік және ведомстволық
бақылаулардың бағдарламаларын
әзірлеу және бекіту тәртібіне

N 4 қосымша

Ақпарат алушы құпиялығын

Кім табыс етеді

сақтауға кепілдік береді _____

(атауы мен мекен-жайы)

(мекен-жай бөлігін қию сызығы)

Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистикасы

Жалпымемлекеттік статистикалық есеп

(Ведомстволық статистикалық есеп)

Ақпарат Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік статистика
туралы" Заңына сәйкес табыс етіледі _____

респонденттің тұрған жеріндегі

облыстық, қалалық, аудандық статистика органы

(уәкілетті органның)

200__ жылғы _____

N ____ бұйрығымен бекітілген

Іріктеп зерттеу бланкісі

(толық атауы)

Жалпымемлекеттік және ведомстволық
бақылаулардың бағдарламаларын

әзірлеу және бекіту тәртібіне

N 5 қосымша

Ескерту: 5-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің 2007.05.08. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистикасы Ақпарат Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік статистика туралы" Заңына сәйкес табыс етіледі.

Нысан _____
(нысанның индексі және

оның кезеңділігі)

Нысан коды _____
(бекіту кезінде уәкілетті орган береді)

(уәкілетті органның)
200__ жылғы _____

N ____ бұйрығымен бекітілген

Табыс етеді _____
(есепті кімнің кімге беретіні
және оны табыс ету мерзімі

көрсетіледі)

Жиынтық ақпарат

_____ 200__ ж.

(есепті кезең)

Жалпымемлекеттік және ведомстволық
бақылаулардың бағдарламаларын
әзірлеу және бекіту тәртібіне

N 6 қосымша

Статистикалық нысан таблицасының үлгі макеті

Ж а л п ы т а қ ы р ы б ы

(таблицаның атауы)

-----!

! Жолдың ! Жоғарыдағы !
! коды ! тақырыптар !
!(шифры) ! (бағандардың атауы) !

-----!

Бағандардың

А ! Б ! 1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! ___ нөмірі

-----!

Б ү й і р д е г і
тақырыптар
(жолдың атауы)

!
Сандық деректерге !
арналған торлар !
! _ _ _ Қ о р ы т ы н д ы
жол

-----!

Т а б л и ц а ғ а е с к е р т у

Қ о р ы т ы н д ы

баған

Статистикалық нысанның таблицысы - көлбеу жолдар мен тік бағандардың (рет, қатар) құрамдастырымы. Оның құрамдас элементтері - жалпы, бүйірдегі және жоғарыдағы тақырыптар. Таблицаның жалпы тақырыбында оның негізгі мазмұны дәл бейнеленуге тиіс. Оның жоғарыдағы тақырыптарында өлшем бірліктері, кезең, жіктегіштер, т.с.с. көрсетілуі керек.

Таблицаның сол жағында - зерттелетін объектілер, жекелеген бірліктер, ал оң жағында зерттелетін объектілерді сипаттайтын көрсеткіштер орналасады. Таблицадағы деректерді қолайлы орналастыру мақсатында зерттелетін объектілер бірнешеу, ал көрсеткіштер 15 және одан да көп болса ғана бұл е р е ж е д е н а у ы т қ и д ы .

Зерттелетін объектілер мен көрсеткіштер кездейсоқ тәртіппен емес, қайта белгілі ретпен орналасуға тиіс. Зерттелетін объектінің жолдары мен көрсеткіштер бағандары мүмкіндігіне орай жекеден жалпыға ауысу принципімен қойылады, яғни әуелі қосындылары көрсетіліп, жолдың немесе бағанның аяғында қорытындылары шығарылады. Барлық қосындыларды келтіру қажет болмай, тек кейбірін ғана бөлектеу керек болса, онда әуелі - жалпы қорытындыларды, сосын жекелеген қосындыларды көрсеткен жөн.

Таблицаның жолдары кодтармен (шифрлармен) белгіленеді. Бағандар қатарлық нөмірлермен немесе әріптермен нөмірленеді. Таблицаның оң жағындағы деректерге арналған бағандар қатарлық нөмірлермен нөмірленеді. Таблицаның зерттелетін объектілері тұратын сол жағындағы бағандар, жолдардың шифрлары (кодтары) мен өлшем бірліктері "А", "Б", тағы сол сияқты ә р і п т е р м е н б е л г і л е н е д і .

Мүмкін болғанынша таблицалардың астына ескертпелер мен түсініктемелер туралы жазудан аулақ болған жөн. Барлық қажетті түсініктемелерді зерттелетін объектінің тестінде, бағанның атауында немесе таблицаның тақырыбында көрсеткен абзал.

Жалпы мемлекеттік және ведомстволық
бақылаулардың бағдарламаларын

әзірлеу және бекіту тәртібіне

N 7 қосымша

Ескерту: 7-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің 2007.05.08. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

Статистикалық нысандардың титулдық бетінің реквизиттері

Статистикалық нысанның титулдық бетінде мыналар болады:

1. Ж і к т е у к о д т а р ы
Н ы с а н к о д ы
Б С Н

Кодтар титулдық беттің жоғары бөлігіне қойылады

2. Н ы с а н н ы ң а т а у ы
қысқасы - титулдық беттің оң жоғары бұрышына,
толығы - титулдық беттің төменгі жағына орналасады

3. Нысанды бекіту туралы мәліметтер:
бұйрықтың нөмірі, бекіткен күні, айы, жылы

4. К і м г е т а б ы с е т і л е д і
бастапқы статистикалық ақпарат жинайтын статистикалық органның толық
а т а у ы ж а н е м е к е н - ж а й ы

5. К і м т а б ы с е т е д і
берілген статистикалық ақпараттың құпиялығын қамтамасыз ету
мақсатында нысанның қиылатын бөлігінде есепті бірліктің толық атауы мен
пошталық мекен-жайы көрсетіледі

6. Есептік бірліктердің ауқымын белгілеу
бірліктер түрі және олардың қызмет саласы

7. Табыс ету күні, айы, жылы немесе мерзімі.